



Айғақ Медиа



aigakmedia



Айғақ ТВ

tiktok айдур

№41

/Сәрсенбі/

09 қазан

2019 жыл

www.aigak.kz

АЙҒАҚ

MEDIA

Газет Қазақстан Журналистика Академиясының "Алтын Жұлдыз", Қазақстан Журналистер одағының Тұрар Рысқұлов және Саттар Ерубаев атындағы сыйлықтарының, "Алтын жүрек" сыйлығының иегері

АСҚАР МАМИН МЕН ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ ТҮРКІСТАНДА АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫП, ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШАРАНЫ БАСТАП БЕРДІ

Премьер-Министр археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған «Шымкент қалашығын» реставрациялау және музейлендіру жөніндегі «Цитадель» жобасының алаңына барды. Жобаның тарихи құндылығы бар және ол 2020 жылы «Шымкент – ТМД-ның мәдени елордасы» жылын атап өту аясында тартымды туристік нысан болуға арналған. Сондай-ақ, Үкімет басшысына өткізу қабілеті сағатына 400 жолаушыны құрайтын Шымкент қаласы әуежайының жаңа терминалының жобасы таныстырылды, оны 2020 жылғы қазанға қарай аяқтау көзделген.

Асқар Мамин Түркістан қаласын жаңғыртудың 1-кезеңі аясындағы жұмыс барысын тексеру арқылы әкімшілік, әлеуметтік және тарихи-мәдени маңызы бар нысандарды аралап шықты. Облыс әкімдігінің, басқармалар және департаменттер ғимараттарының, медиаорталықтың, «Нұр-Сұлтан» алаңының, Олимпиадалық резервтегі спорт мектебінің, Халыққа қызмет көрсету орталығының, музыка мектебінің, аттракциондары бар қала саябағының, неке қию сарайының, ви-зит-орталықтың, Шығыс мон-шасының, амфитеатр мен қалалық Арбаттың құрылысын бақылады.

Бұл күні Асқар Мамин мен Өмірзақ Шөкеев рухани астанадағы аллеяда ағаш отырғызып, жаңа республикалық шараны бастап берді. Еліміздің барлық өңірлерінде экологиялық сағат жалғасатын болады. «Эко сағат!» республикалық акциясы аясында мұнда 20 түп каштан, 30 лип ағашы мен 50 түп арша бой көтермек. Түркістанда аптап ыстықтан сая болатын жасыл белдеу жұмысы барысында аудан мен қала жұрты асарлатып, 220 мың түп ағашты екпек.

«Мақсатымыз – өзіміз өмір сүріп жатқан көне шаһар Түркістанды көгалдандырып, көркейту. Оңтүстік өңірі ағаш өсіруге өте қолайлы аймақ. Айналамызды жасыл желекке бөлеп, қоршаған ортамызды көгалдандыруға бөріміз атсалысуымыз керек. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесінде дені сау ұрпақ, баянды болашақ қалыптасады», – дейді Өмірзақ Шөкеев.

Айтып өтейік, Түркістан қаласы айналасынан жасыл белдеу құру мақсатында бүгінде 488 гектар жерге 203 496 түп ағаш көшеттері (қарағаш, ба-

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шымкент қаласын және Түркістан қаласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша өңірге жұмыс сапарымен келді.



дам, өрік, терек, жиде) егілген. Сонымен қатар, бүгінде 2-кезең бойынша Арыс-Түркістан каналы бойындағы жерлерді жаппай жырту және ағаш көшеттерін егу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы уақытта жасыл белдеуге егілетін көшеттерді өндіру мақсатында 300 гектар жерге тұқымбақ ашып, оның 30 гектар аумағына ағаш тұқымдарын себу және 1212 гектар жерді жырту, 100 гектарына ағаш көшеттерін егу жұмыстары атқарылмақ. Жалпы, республикалық маңызы бар шара шеңберінде, елімізде 1 миллион ағаш егіледі.

нысандардың бірі. Медиа орталықта облыстық телеарналар мен газеттердің, радиолардың редакциялары және республикалық БАҚ өкілдіктері орналасып, жан-жақты ақпарат тарататын болады. Оның жалпы көлемі – 3000 шаршы метрден астам. Түркістан қаласына арнайы сапармен келген Бахытжан Сағынтаев Өмірзақ Шөкеевпен бірге Медиа орталықтың құрылыс алаңымен танысты. Медиаорталық астаналық «Қазмедиа орталығы» ТРК-дан кейін жаңадан салынған екінші нысан болып табылады. Жобаның жалпы құны –

Медиаорталық - Түркістанда құрылысы аяқталған алғашқы нысандардың бірі болады



Алматы қаласы әкімдігінің Түркістанға тартуы қаланың жаңа әкімшілік және іскерлік орталығындағы құрылысы бітуде жақындаған алғашқы

4,8 млрд тг. Оның үстіне, тек құрал-жабдықтар құнының өзі 2 млрд тг. құрайды. Құрылыс монтаж жұмыстары 2019 жылдың ақпан айында басталған еді. Аяқталу мерзімі - 2019 жылдың қазан айына жоспарланған. Барлық қажетті жабдықтарды толығымен орналастыру шешуші кезең болып табылады.



Ұстазға құрмет - адамзатқа міндет

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған. Бүгіннен немесе кешеден ғана ұлы мамандық иелеріне құрмет көрсетіліп келе жатқан жоқ, ықылым заманнан бері ұстаздықтың шоқтығы биік тұр. «Тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» (Әл-Фараби) жандарға ілтипат таныту - адамгершілігінің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету - білімге құрмет көрсету.

Түркістанның төрінде өткен салтанатты жиынға өңірдің 400-ден астам білім беру саласының қызметкерлері қатысты. Ұрпақ тәрбиелеуде талмай еңбек етіп жүрген ұстаздардың төл мерекесіне арналған «Мерекелеріңізбен, ұлағатты ұстаздар!» атты шараның шымылдығы «Абай өсиеті» театрлық көрінісімен ашылды. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ұстаздар қауымына өз алғысын білдіріп, мерекесімен құттықтады. Аймақ басшысы тұлға болып қалыптасуға ықпал еткен мектеп мұғалімдерін еске алып, оларға деген жылы лебізін білдірді. Елдің ертеңін айқындайтын, оның бәсекекестік қабілетіне ықпал ететін аса маңызды сала майталмандары Түркістан облысы

әкімінің «Құрмет грамотасы», Алғыс хатымен марапатталды. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытатын ұстаздарға деген халқымыздың құрметі қашан да ерекше. Сондықтан да, «Жастар жылына» орай өткізілген «Үздік жас мұғалім-2019» облыстық байқауының жеңімпаздары марапатталды.

«Алдағы уақытта облыстағы «Дарын» мектептерін көбейтеміз. Қараша айында «Дарын» ғылыми – әдістемелік орталығы, 2020 жылы «Оқушылар сарайы» ашылады. Заманауи білім ошақтары бой көтеріп, оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға барлық жағдай жасалады. Мұғалім біліктілігін арттыруды дамыта түсеміз. Біздің өңірден мақтанышпен айта алатын талай мықты маман шығып жатыр. Осы үрдісті жалғастырып, дамытып, күш салуымыз керек», - деп болашақ жастарға сенім білдірген облыс басшысы Өмірзақ Шөкеев педагогтардың айрық-ша еңбегін айқындап берді.

Бүгінде облыста 60 мыңға жуық педагог еңбек етіп келеді екен. Былтыр өңіріміздің 150-ге жуық оқушысы халықаралық және республикалық деңгейдегі білім сайыстарында жүлделі орындарға ие болса, жақында ғана «Үздік педагог-2019» республикалық байқауына өңірімізден 9 ұстаз қатысып, үшеуі білім сайысының озығы атанды. Салтанатты рәсім әрі қарай ән-күймен, би шашуларымен және театрланған қойылымдармен жалғасты.

Тағайындау

Әсия ТЕМІРБАЕВА -

Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы

Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің өкімімен Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы болып Темірбаева Әсия Құралқызы тағайындалды.



Әсия Құралқызы 1967 жылы 4 қарашада Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданында туылған, білімі жоғары, біліктілігі инженер-гидротехник және экономист.

Еңбек жолын 1989 жылы Шымкент қаласында «Союзгипрорис» жобалау институтының инженері болып бастаған.

1992-2008 жылдары аралығында Шымкент қаласында «Южжзводпроект» жобалау институтының инженері, Шымкент қалалық халықты жұмыспен қамту орталығында 1-дәрежелі маман, 2-дәрежелі маман, бас маман, бөлім басшысы, сектор меңгерушісі, Шымкент қаласының АСУ

және информатика бөлімінің маманы, бөлім басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысы еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау департаментінің бас маманы, бөлім басшысы қызметтерін атқарған.

2008-2017 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы халықты жұмыспен қамту басқармасының бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары, басқарма басшысы, Оңтүстік Қазақстан облысы еңбек инспекциясы бойынша басқармасының басшысы – Оңтүстік Қазақстан облысының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы лауазымдарын атқарған.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасы Еңбек, халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек, әлеуметтік қорғау және көшп-қон комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы болып еңбек етіп келді.

Дамир ЖҮНИСОВ -

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының басшысы



Түркістан облысының әкімі Ө. Шөкеевтің өкімімен Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының басшысы болып ЖҮНИСОВ Дамир Дәулетұлы тағайындалды.

Дамир Дәулетұлы 1989 жылы 18 ақпанда Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген.

Білімі жоғары, мемлекеттік жергілікті басқару бакалавры, есеп және аудит магистры.

Еңбек жолын 2008 жылы «Қазақстанның Ауыл жастар одағы» Оңтүстік Қазақстан облысы филиалы төрағасының орынбасары болып бастаған.

2010-2016 жылдары Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының «Жастар орталығы» МКМ бөлім басшысы, директорының орынбасары лауазымдарын атқарған.

2016-2018 жылдары Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» жоба менеджері, Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының ақпараттық саясат және БАҚ мониторингі бөлімінің басшысы қызметтерінде жұмыс жасаған.

Бүгінгі күнге дейін Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары болып еңбек етіп келді.

10 қазан - ҚР Кәсіби кеңес күні

Құрметті кәсіподақ мүшелері және қызметкерлері!



2019 жылғы 22 мамырдағы №303 ҚР Үкімет қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы мерекелік күндер тізіміне «ҚР кәсіби кеңес күні» енгізіліп, ол 10 қазан күні атап өтіледі.

Біз Баршаңызды ортақ кәсіби мерекенізбен шын ниетпен құттықтаймыз!

Кәсіби кеңес қызметкерлерінің күні, ол белсенді өмірлік ұстанымы бар, өз жұмысымен әлеуметтік серіктестікті дамытуға үлес қосатын бастамашыл адамдардың күні. Кәсіби кеңес ұйымының жетекшісі болу қаншалықты қиын және жауапкершілігі мол екенін түсінеміз. Сіздердің еңбегіңіз, кәсіби

біліктілігіңіз, даңалығыңыз, кемеңгерлігіңіз кәсіби кеңес мүшелерінің әлеуметтік еңбек және кәсіби құқықтары мен мүдделерімен байланысты мәселелерді шешуде маңызды. Ал, Сіздің жауапкершілігіңіз бен түбегейлігіңіз еңбек ұжымдарында туындайтын әлеуметтік қайшылықтарды шешуге көмек көрсетеді.

Сіздерге күнделікті жаңа табыстарға жетуге, кәсіби өрісте ең батыл жоспарларыңызды іске асыруға тілектеспіз. Өмір жолы сан түрлі қуанышты мүмкіндіктерді ұсына отырып және олардың әрқайсысы отбасыңыздың қауым мен біздің мемлекетіміздің игілігі үшін қолданылуын тілейміз.

Денсаулық, бақыт, кәсіби кеңес қатарының өркендеуі мен бірлігін тілейміз.

Л. МАКАШЕВА,

«Оңтүстік» Жергілікті кәсіподағының төрайымы

ШЫМКЕНТТІК ҰСТАЗДАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ЖОЛДАМА АЛДЫ



Мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында республикалық «Үздік педагог-2019» байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Онда еліміздің 64 үздік ұстаздары марапатқа ие болды.

Қоғамдық маңызды бастамаларды дамыту қорының құрылтайшысы Әлия Нұрсұлтанқызы «Әлем мұғалімі» сыйлығының іріктеу кезеңіне еліміздің

атынан қатысатын 11 педагогтың есімдерін жариялады.

«Әлем мұғалімі» Халықаралық премиясына өтінімдері жіберілетін 11 мұғалімнің қатарында 2019 жылдың «Үздік педагогі» атанған Шымкент қаласындағы №90 ЖОМ тарих пәнінің мұғалімі Арман Орынбеков пен физика-математика бағытындағы НЗМ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ербол Тлеулов бар. Педагогтар үшін Нобель сыйлығының баламасы саналатын халықаралық премия 2020 жылдың наурыз айында Дубайда өтеді.

Білім және ғылым министрінің қолынан 64 мұғалім алғыс хат алды. Олардың 48-і бастауыш және орта білім беруде еңбек етіп жүргендер. Биыл «Үздік педагог» атану үшін 4 мыңға жуық ұстаз өтініш білдірген екен. Байқауға қатысушылар конкурстың аудандық, облыстық, республикалық деңгейінен өткен. Ал жеңімпаздардың әрқайсысына 2,5 миллион теңгелік сертификат табысталды. Жалпы, 8 жылда осы байқауға 35 мыңнан астам маман қатысқан екен. Бүгінде республикада 500-дей үздік педагог бар.

Бұл аптада кімдер туылған?

10.10.1958 ж.
Әлімжан Құртаев -
Қазақстан Республикасы
Сенатының депутаты

13.10.1962 ж.
Бақытжан Сағынтаев -
Алматы қаласының әкімі

13.10.1965 ж.
Нұрсерік Шәріпов -
Қарағанды облыстық
сотының төрағасы

13.10.1978 ж.
Нұржан Әлтаев -
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты

14.10.1947 ж.
Аманбай Омаров -
Қазығұрт аудандық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы

14.10.1972 ж.
Дархан Кәлетәев -
Қазақстан
Республикасының
Президенті Әкімшілігі
басшысының бірінші
орынбасары



Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен шын
жүректен құттықтайды!

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын насихаттау аясында бүгін Шымкент қалалық ішкі саясат және дін істері басқармасының басшысы Жанар Бектаева баспасөз брифингін өткізді.

Басқарманың бастамашы болуымен ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың биылғы жылғы Жолдауы аясында қала тұрғындарымен 125 кездесу өткізіліп, оған 20 мыңға жуық адам қатысты. Басқарма идеологиялық жұмыстардың басым бағыттары ретінде Мемлекет басшысы тапсырған міндеттерді айқындап алған.

Әсіресе, азаматтық қоғам институттарымен байланысты нығайту, қоғаммен кері байланысты орнықтыруға басымдық берілген. Басқарма қалада жұмыс істеп отырған 6 саяси партия филиалдары, жалпы тіркелген 400-ден астам

ІШКІ САЯСАТТЫҢ ІЛКІМДІ ІСТЕРІ БАҚ НАЗАРЫНДА



үкіметтік ұйымдардың ішіндегі белсенді жұмыс атқарып отырған 90-нан астам қоғамдық ұйыммен 8 бағыт бойынша тығыз байланыста жүргізуде.

Жуырда қала әкімі Е.Айтаханов аза-

маттық сектор белсенділерімен ашық форматта кездесу өткізіп, ұсыныстарын тыңдап, нақты проблемалық мәселелер бойына іс-жоспары түзілді. Соның бірі-үкіметтік емес ұйымдармен жұмыстарды жандандыру мақсатында «Азаматтық орталық» ашу көзделіп отыр.

Жалпы, биыл үкіметтік емес ұйымдармен барлығы 57 іс-шара өткізіліп, 5 бірлескен жобаны жүзеге асыру қолға алынды. Азаматтық сектор өкілдерімен «ӨРЕКЕТ» жобасы аясында семинар ұйымдастырған.

Шымкент қалалық ішкі саясат және дін істері басқармасы «Ақпараттық коммуникациялық орталық», «Дін мәселелерін зерттеу орталығы», «Шымкент ақпарат орталығы», «Рухани жаңғыру кеңсесінің жұмыстарын үйлестіріп отыр.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 172 мың адамның қатысуымен 300-ден астам іс-шара өткізілді. «Туған жер» жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасы шеңберінде демеушілер мен меценаттар есебінен 6 жобаны іске асырған. Мемлекеттік рәміздердің қолданылуына, насихатталуына және стандартқа сәйкестігіне мониторинг жүргізіліп, тиісті талаптарға сәйкестендіру жұмыстары атқарылуда.

Қала әкімдігінің «Shymkent.gov.kz» ресми сайтында әкімнің «Виртуалды қабылдау» блогы іске қосылып, БАҚ-та жарияланған резонансты материалдар бойынша «кері байланыс» жүйесі қолға алынған.

Қалада әрекет ететін 155 БАҚ қызметіне мониторинг жүргізіліп, тиісті заң талаптары бұзылған 7 факт бойынша шаралар қабылданып, заңның орындалуы қалпына келтірілді.

Арыс қаласындағы экономикалық – әлеуметтік даму жұмыстары жаңа қарқында жалғасын таппақ. Түркістан облысы әкімі аппаратының отырысында Арыста атқарылып жатқан жұмыстар мен жол, көріз жүйесі және құрылыстың құжаттандыруы жайлы соңғы мәліметтер талқыланды. Жиында Нұр-Сұлтан, Ақмола, Ақтөбе, Шымкент, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстары өкілдерінің құжаттарды толық рәсімдеп, орталыққа тапсыру жағын кешіктіріп жатқаны жайлы айтылды. Облыс басшысы бұл мәселені жылдамырақ шешуді тапсырды. Сондай-ақ, Ақтөбе секторына қарайтын бірнеше үйдің қайта сараптаудан өткені белгілі болды. Нәтижесінде олар толық сүріліп, жаңадан соғылады. Құрылысты облыс өз қолына алды. Жарылыстан 8 мыңнан астам тұрғын үйдің 7634-і зақымданған болса, зерттеу-зерделеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін тұруға жарамсыз деп танылған 474 үй



қайта басынан салынууда. Қазіргі таңда 330 үйдің құрылысы аяқталды. Толық сүріліп тастап, қайта көтерілген 144 үйдің құрылысы да аяқталуға таяды. Қазіргі таңда ішкі өрлеу жұмыстары жүріп жатыр. Қаладағы инфрақұрылымды реттеу ба-рысында Арыс қаласының көріз жүйелері толық жөндеуден өтіп, автоматтандырылды. Арыс жылыту маусымына да толық дайын. Зақым келген Арыс көшелері де жөндеуден өтті. 16 көшенің аяқжол салу жұмыстары аяқталып, жарықтандыру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сондай – ақ, аппарат мә-

жілісінде облыстағы мал және өсімдік шаруашылығы салаларының 9 айлық жұмыс қорытындысы жайлы баяндама жасалды. Өмірзақ Естайұлы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің импортына және мал бордақылау алаңдарындағы барлық талаптардың сақталуын қатаң бақылауды тапсырды. Мал ауруларының алдын алу және емдеу мақсатында ҚР АШМ-ң ветеринарлық қадағалау комитетінің аумақтық инспекциясымен бірлесіп, облыстық ветеринарлық қызметін

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ: АРЫСТЫҢ ДАМУЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛҒАН СОҢ ДА ҚАРҚЫНДЫ ЖАЛҒАСАДЫ



жұмылдыру және күшейтуді тапсырды. Аймақ басшысы азық – түлік өнімдерін сақтаудың маңыздылығын да атап өтті. Айтып өтейік, 1-қазанда Түркістан облысының

әкімі Өмірзақ Шөкеев Бақытжан Сағынтаевпен бірге Алматы бюджеті есебінен салынған нысандардың сапасын тексерген болатын. Алматы қаласының әкімі жұмыс

сапары барысында Арыс қаласындағы төтенше жағдайдан зардап шеккен үйлердің жөндеу жұмыстарымен танысты. Бүгінде Алматы қаласы жауапты 14-секторда – 531 нысанды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде 503-і жөндеу жұмыстарын қажет етсе, 28 үйдің қабырғалары толықтай сүріліп, жаңадан салынууда. Қалпына келтіру жұмыстарына – 5 компания, 300-ден астам құрылысшы тартылған. Сапар барысында Алматы қаласының басшысы құрылысшылармен кездесіп, Алматы қаласына бекітілген 14-сектордың жауаптыларына құрылыс қарқынын жылдамдату-ды, бекітілген кестеден кешіктірмей шұғыл түрде өткізуді тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫМЕН БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



ҚР Президенті Жарлығымен өрт болған сәтте ерлігімен көзге түскен өрт сөндірушілер мен полицейлер марапатталды.

Облыс орталығы киелі Түркістан қаласына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Ерлан Тұрғымбаев арнайы іс-сапармен келіп, төтенше жағдай болған сәтте шарасыз қалған адамдарды аман алып қалған 6 қызметкерге құрмет көрсетті. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 16 қыркүйек күні №153 Жарлығымен, “Ерлігі үшін” медалімен Түркістан облысы ТЖД қызметкерлері, яғни 4 өрт сөндіруші Бақдаулет Өлімқұлов, Құралбек Жұмабаев, Рүстем Сайдахметов, Бағлан Убайдиллаев пен Полиция департаментінің полицейі, полиция майоры Қанат Рақышевқа табысталды.

Сонымен қатар, полиция подполковнигі Ермек Өсербаев пен полиция лейтенанты Қайрат Алексеевтер Ішкі істер министрі-

нің бұйрығы бойынша “Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін” медалдарымен наградталды. Өрт кезінде жедел қимылдап, өздерінің қызметтік



міндеттерін мінсіз орындаған қызметкерлерді құттықтаған ҚР ІІМ Е.Тұрғымбаев: «Біздің ішкі істер органы қатарында өзінің ерлігін көрсетіп, антына адал болып келе жатқан сіздер секілді қызметкерлер барда халықтың ұйқысы тыныш және қауіпсіз болатындығына сенімім мол», - деді.

Одан әрі Министр Ерлан Тұрғымбаев Түркістан облысы ТЖД қызметкері азаматтық қорғау подполковнигі Бақытжан Абдугаппаровтың үйіне барып, оған 2-ші дәрежелі “Айбын” орденін табыс етті.

Өрт сөндіруші өртті ауыздықтау кезінде ауыр жарақат алып, үйінде емделуде. Министр подполковник Б.Абдугаппаровқа және оның отбасына өрт сөндіру және адамдарды құтқару кезінде көрсеткен батылдығы, батырлығы мен жанқиярлығы

үшін алғысын айтты. Сондай-ақ тез арада сауығып кетуіне тілекші екендігін де жасырмады.

Бұрын Бақытжан Абдугаппаров Арыс қаласында азаматтарды құтқару кезінде де өзінің қайсарлығымен ерекше көзге түскен болатын.

Еске сала кетейік, ағымдағы жылдың 10 қыркүйегінде Түркістан қаласындағы ірі қонақ үйлердің бірі «Роял Гранд» отқа оранған болатын. Оқиға орнына келген облыстың ТЖД қызметкерлері мен полицейлері жақын маңдағы аумақты қоршауға алып, қонақ үйдің қонақтары мен қызметкерлерін дереу эвакуациялауға кіріскен болатын. Құтқару жұмыстарын жүргізу барысында 50 адам эвакуацияланды.

Сол сәтте, төртіп сақшысы Қанат Рақышев өз өмірін қауіпке тігіп отқа оранған ғимараттан шыға алмай қалған Түркия елінің екі профессоры мен 4 жасар бүлдіршінді дін аман алып шыққан еді. Осындай ерлігімен көзге түскен батырымыз бүгінде Түркістан облысы Полиция департаментіне қарасты Патрульдік полиция батальонының қызметкері, Отанына деген адалдығымен қалтқысыз қызмет етуде.

Министр өзінің киелі мекендегі іссапарының соңында облыс орталығына келгеніне бір жыл уақыт болған Полиция департаментінің ғимаратын аралап, полицейлердің қымқуыт жұмысымен де танысты.

Бетті дайындаған: Т.Нарбай



КЕНТАУДА МЫС - АЛТЫН АРАЛАС КОНЦЕНТРАТ ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ АШЫЛДЫ

Кентау қаласының 64 жылдығына орай, “Кентау полиметалл” ЖШС ашылу салтанаты өтті. Айтулы шараға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Мырзалиев, “Кентау полиметалл” ЖШС-ң басшысы Дмитрий Копченко қатысты. Сондай-ақ, ардагер кеншілер Қамбар Сейітжанов пен Шерхан Әбілов ашылғалы тұрған кәсіпорынның маңыздылығына тоқталып, ізгі тілектерін білдірді. Содан соң Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мейіржан Иябайұлы, Кентау қаласының әкімі Даурен Мақажанов, ардагер кенші Ш.Әбілов, кәсіпорын басшысы Дмитрий Копченко зауыттың іске қосу тетігін басып, салтанатты түрде іске қосты.

Жобаның мақсаты - бос тұрған өнеркәсіп орнында түсті металдар кендерін байыту кешенін ұйымдас-

тыру және жаңа жұмыс орындарын ашу. Жобаның көзделген мақсатына жету үшін 2016 жылдың 10 желтоқсанында Кентау қаласының әкімдігі, облыстық Кәсіпкерлер палатасы және инвестициялық компания арасында 2 170 000 000 теңге сомасына инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы үш жақты меморандумға қол қойылған болатын. Бүгінде жоба толық іске қосылып отыр.

Кентау - Қазақстандағы машина жасау, металл өңдеу және тау-кен өнеркәсібі орталықтарының бірі. Қала экономикасындағы ірі кәсіпорындар қатарында «Трансформатор зауыты» ААҚ - еліміздегі трансформатор жасайтын жалғыз зауыт болып табылады. Кентау қаласы «Қаратау тәжі» және «Қазақстанның жасыл желекті қаласы» деген аттарға ие.



Түркістан облысы ауылшаруашылығын дамудың даңғыл жолында. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...Дамыған елдердің озық стандарттары мен тәжірибесін енгізу керек. Бұл жұмысты әсіресе, өңірлік деңгейде атқару маңызды» деп атап көрсеткен болатын.

Осыған орай, Түркістан облысы бойынша ағымдағы жылы 131 мың гектар алқапқа мақта дақылы егіліп, 343,6 мың тонна шитті мақта жинау жоспарланды. Облыста қазірге дейін 25,8 мың тонна шитті мақта жиналды, ол жалпы қордың 8%-ын құрайды.

Айталық, Түркістан облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақов: «Өңірде қайта өңдеумен айналысатын 16 зауыттың 7-і шитті мақтаның 1 тоннасын 150 мың теңгеден қабылдауды бастады», -деп мәлімдеді.

Қазіргі таңда облыс аумағында жиналған шитті мақтаны алғашқы өңдеуден өткізетін 16 лицензияланған мақта өңдеу кәсіпорындарының 184 қабылдау бекеттері жұмыс істеу үстінде.

-Шаруаларды қолдауға орай, өнімдерге субсидия төленетін болады. Бұл бағытқа 1,9 млрд.теңге қаржы қаралған. Мәселен, мақта өніміне субсидия алу үшін, мақта өңдеу зауытына қайта өңдеуге тапсырылған шитті мақтаның 1 тоннасына 12 мың теңге төленсе, қайта өңдеуге тапсырылған немесе сәйкестік сертификаты бар өңдеуге өткізілген күріштің 1 тоннасына 4 мың теңге субсидия беріледі, - деді Нұрбек Бақтыбайұлы.

Айта кетерлігі, субсидия алушы шаруалардың қолында қайта өңдеу кәсіпорнымен жасалған ауыл шаруашылығы өнімін тапсыру туралы шарттардың, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорны мен ауылшаруашылық тауарларын өндіруші немесе ауылшаруашылық кооперативі арасында ауыл шаруашылығы өнімін беруді растайтын және қайта өңдеу кәсіпорны шеккен шығындарды растайтын төлем құжаттары болуы шарт.

Жаңбырлатып суару - тиімді



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА МАҚТАНЫҢ ТОННАСЫ - 150 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН

Түркістан облысындағы өңірлік коммуникациялар қызметі егістік алқапты жаңбырлатып суару әдісі қолданылатын болады.

Мәселен, агроөнеркәсіп кешені саласындағы «Түркістан агро» инвестициялық жобасы аясында облыста егістік алқапты жаңбырлатып суаруға мүмкіндік беретін машина-трактор станциясы құрылды. Осы мақсатта АҚШ-нан 18 бірлік суару машинасы, 27 ауылшаруашылығы техникасы сатып алынған. Жалпы құны 1,5 млрд. теңгеге жуық қыруар жұмыс «Қазагрофинанс» АҚ -ның тарапынан лизингілік шарт негізінде несиелендіріліп жатыр.

Алдағы кезде жаңбырлатып суару әдісінің нәтижесінде диқандардың өз күштерімен игере алмай жүрген бос жатқан жерлері тиімді пайдаланылатын болады. Жаңбырлатып суару әдісі болашақта киелі Түркістан өлкесінің көгалдандырылуы мен жаңа микроклиматтың қалыптасуына оң әсерін тигізетін болады. Әзірге бұл жұмыс түрі облыс орталығынан 12 шақырым жерде орналасқан «Шаға» ауылынан бастау алмақ.

Бүгінгі таңда бөлінген 200 гектар жердің тең жартысынан астамы жыртылып, өңделген. «Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» дөңді-дақылдардың ұрығын жеткізуді жауапкершілігі шектеулі серіктестік жүзеге асыруға дайын. Осы институт келешекте барлық агротехникалық іс-шараларға қолдау көрсететін болады.

Бір құптарлығы-ауыл шаруашылығы саласында кеңінен етек жайғалы отырған машина станциясының тиімді тұстары көп әрі техникалық қызмет көрсетуде қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, қауіпсіз. Энергия көзі ретінде дизель генераторы қолданылады. Ең бастысы – экономикалық жағынан ба-

рынша тиімді. Жаңбырлатып суару әдісі қолданылған алқаптан арықпен суарылған жерлерге қарағанда астық молырақ жиналатын көрінеді. Қазіргі таңда жобаны қолдап, басы-қасында жұмысқа етене араласып, жақсы істі ұйымдастырып жүрген «Ақ жол» ЖШС мен «Түркістан» ӨӨК» АҚ-ның еңбегі ерен.

Ветеринарлық ахуал тұрақтанды

Түркістан облысында ветеринариялық ахуалдың тұрақты екені көңілге қонымды.

Түркістан облысы Өңірлік коммуникациялар қызметінде Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақов: -Іс-шаралардың 9 айлық жоспарына сәйкес, жануарлардың аса қауіпті

14 ауруына қарсы 28 млн. 555 мың доза вакцина егілді. Өңірде жануарлар арасында ветеринарлық ахуал қатаң бақылануда,-деді.

Энзоотиялық аурулардың алдын-алу бойынша көктем, күз айларында 2 млн 518,6 мың бас ірі мал бүркілсе, 8 млн 147,6 мың бас ұсақ мал тоғытылған. Сондай-ақ, үй іргелік қора жайлар мен жапсарлас аумақтары мен буферлік аумақтар залалсыздандырылған.

Малда аусыл ауру болса-қиын. «Аусыл ауруына қарсы вакцина 1 млн 384,4 мың бас ірі қара малға, 6 млн 86,4 мың бас ұсақ малға егіліп, 2002 жылдан бері аусыл ауруы тіркелмеген. Ал, сібір жарасы ауруына қарсы 1 млн 201,6 мың бас ірі қара малға, 5 млн 456,6 мың бас ұсақ малға, 302,9 мың бас жылқыларға, 25,2 мың бас түйелерге вакцина егілді. Облыс аумағында 2003 жылдан бері жануарлар арасында сібір жарасы ауруы тіркелмеді», - деді Нұрбек Бақтыбайұлы.

Сонымен қатар, сарып ауруына қарсы жануарлар арасында диагностикалық зерттеулер жалпы 3 млн. 377,7 мың бас малға жүргізілді. Нәтижесінде 389 бас ірі қара мал, 532 бас ұсақ мал ауруға «оң» нәтиже көрсетіп, арнайы орындарда сойылып, залалсыздандырылды. Мал иелеріне жалпы 100 млн. 570,2 мың теңге өтемақы төленді. Соның нәтижесінде сарып ауруымен адамдар арасында аурушандық 37 адамға кемісе, адамдарды кене шағу 333 адамға азайған.

Түркістан облысында мал көмінділерін тастайтын 257 орын бар. Оның ішінде: 111-і типтік үлгіде, 146-ы ыңғайластырылған. Сонымен қатар, 14 дана инсинератор пеші бар.

Бұдан өзге, құтыру ауруына қарсы 187,5 мың бас итке, 32,8 мың бас мысыққа вакцина егілген. Құтыру ауруының алдын алу мақсатында бүгінгі таңға 55 362 бас қаңғыбас ит-мысық ауланып жойылған.



Ауыл әйелдеріне сенім артылмады

Жаңа мүмкіндіктерді айқындап берген ауыл әйелдерінің форумы нәзікжандыларға серпіліс тудырды. Шынында да, қоғамда әйелдер қауымының рөлі артып, нәзік жандыларға артылар жауапкершілік те көбейді.Өңірде өткен “Ауыл әйелдерінің форумы” осы сөзімізге дәлел бола алады. Табиғаты нәзік, білімі мен қабілеті жағынан ерекше, қолынан іс келетін кәсіпкерлер ортамызда көптеп кездеседі. Иә, орталықтар мен қалада тұратындар үшін мүмкіндік көп. Ауыл әйелдерінің қоғамның белсенді мүшесіне айналуы үшін мемлекет тарапынан көңіл де бөлінуде. Айталық, шалғай елді-мекендердегі әйел азаматшалардың күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәт бой жазып, кәсібін дөңгелетуі, дамып, жетілуі, рухани кемелденуі үшін елімізде көптеген бағдарламалар жұмыс жүргізуде.

«Ауыл әйелдерінің форумында» нәзікжандылардың кәсіп бастауы, оны жүргізу барысы жан- жақты сараланды.

Форумға үйдегі тірліктен бөлек, өз алдына іс бастап, оны тиянақты атқарып жүрген қыз-келіншектер де келді. Олар өзіндік тәжірибелерімен бөлісіп, замандастарына білгенін үйретуге тырысты. Халықты жұмыспен қамту және “Атамекен” кәсіпкерлік палатасы өкілдеріне тараптардан көптеген сұрақтар түсті. Онда қайтарымсыз қаржыға қол жеткізу жолдары ауыл әйелдерін көп қызықтыратыны байқалды.

Демек, ауыл шаруашылығын дамытуға әйелдер де белсене атсалысуға дайын. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Қаракөз Сүлейменова бүгінгі форумда нәзік жандыларды ұлттың ұйытқысы болумен бірге, ер азаматтардың мықты тірегіне айналуға, білімді әрі іскер болуға шақырды.

Форумда істің көзін тапқан нәзікжандылар өз ойларын ортаға салумен бірге, ауылдық жерде де бизнесті берекелі етуге болатынын айтып, еселі еңбектің жемісін көру үшін, табандылық пен еңбек қажеттігін жеткізді.

Осылайша, форумда сан-салада қызмет етіп жүрген қыз-келіншектер табысты кәсіпкер атанудың қыр – сырымен бөлісті. Алдағы уақытта ауылшаруашылығын дамытуға біркісідей атсалысып жүрген шалғайдағы ауыл әйелдері де жақсы-жақсы нәтижелерімен қуантады деп сенеміз.

Шаһаризада Дәнесева.

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ ЖАПОНИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Түркістан облысын дамытуға Күншығыс елінің білікті майталмандары атсалыспақ.

Дүйсенбіде Өмірзақ Шөкеев Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Тацухико Касаи мырзаны және жапондық Kawasaki мен Magubeni компаниясының өкілдерін қабылдады. Кездесуде тараптар екіжақты қарым-қатынастарды дамыту мәселелерін талқылады. Аймақ басшысының айтуынша, Жапония Қазақстан Республикасы үшін, және Түркістан облысына маңызды стратегия-

лық серіктестердің бірі. Күншығыс елінен өңірге гербицидтердің үлкен көлемі импортталады. «Түркістан облысы мен Жапония арасында өзара тиімді өндірістік, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты арттыру үшін, үлкен перспективалар бар екеніне сенімдімін. Біз бірлескен жобаларды іске асыру үшін, толық қолдау көрсетуге дайынбыз», - деді Өмірзақ Шөкеев. Сонымен қатар, облыс әкімі Түркістан өңірінің туризм және аграрлық өнеркәсіп саласындағы жоғары әлеуетін атап

өтті. Осылайша, алдағы уақытта шет елдіктермен ортақ мүддеміз ұштасқан жобаларды іске асыруға қазақстандық және жапондық компаниялар тартылуы мүмкін. Kawasaki компаниясы Түркістан қаласындағы 50 мВт бу-газ электр станциясын салу жобасы үшін, өз технологиясын ұсынды. Өз кезегінде облыс әкімі жапондық өнім сапасын жоғары бағалайтындығын білдірді. Алдағы конкурстарға қатысуды ұсынып, сәттілік тіледі. Айта кету керек, биылғы жылдың 8 айының қорытындысы



бойынша облысымызға Жапониядан жалпы сомасы 513 мың АҚШ долларын құрайтын тауарлар импортталған. Оның басым бөлігі автомобильдер мен олардың жиын-

тықтары, гербицидтер мен электр құралдары. Қазақстанда қазірдің өзінде жапон капиталының қатысуымен мұнай мен газ, металлургия, қаржы, тау-кен өнеркәсі-

бі, автомобильдерді көтерме бағамен сату, электр байланысы, ағаш дайындау және логистика сияқты салаларда 80-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді.

ШАРДАРА АУДАНЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФИЯ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Шардара аудандық орталық ауруханасының инсульт бөлімшесі компьютерлік-томография аппаратымен жабдықталды.

Компьютерлік томография аппараты орнатылған кабинеттерді облыстық қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Мұқан Егізбаев арнайы барып ашты. Түркістан облысы, Шардара аудандық орталық аурухананың инсульт бөлімшесінде бұған дейін мұндай медициналық техника болмаған еді. Жоғары сапалы компьютерлік томография жүйелері жапонияда шығарылған. Аудан халқына енді заманауи сәулелі зерттеуден өту үшін, бұрынғыдай алыс жолға шығудың қажеті жоқ.

Нақты және сапалы медициналық тексеру аудандық аурухана қабырғасында да қол жетімді болып отыр. Дәрігерлердің біліктіліктерін үздіксіз арттырудың арқасында, аудандық инсульт бөлімшесі Қазақстанда және шетелдерде білімін жетілдірген мамандармен толық қамтылды. Аурухананың орта буын медицина қызметкерлері де Түркістан жоғары медицина колледжінде өз білімдерін жетілдірген. Ауруханада оңтайлы өзгерістер көп. Бұдан бөлек, оңалту орталығы ашылып, механика-терапиялық аппараттармен, емдік дене шынықтыру, массаждың дәстүрлі және инновациялық технологиялары бойынша түрлі жаттықтыру құралдарымен жабдықталған. Орталыққа келіп, емделушілер саны күн сайын артуда.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ 32 МЕДИЦИНАЛЫҚ АВТОКӨЛІКПЕН ТОЛЫҚТЫ

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев аудандық және қалалық ауруханалар мен емханаларға 32 медициналық жедел жәрдем көлігінің кілтін табыстады. Жаңа автокөліктер науқасқа алғашқы көмек көрсетуге арналған қажетті құралмен толық қамтамасыз етілген. Салтанатты шарада аймақ басшысы елімізде денсаулық сақтау саласына ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті.

«Біздің ең басты байлығымыз – халықтың денсаулығы. Бұл тұста, медицинаның ең маңызды бағыты – жедел жәрдем көрсету саласы екені белгілі. Облыстағы медицина саласын дамыту – басты назарда. Бұл ретте осы саланы заманауи, толық жабдықталған



арнайы жедел жәрдем көліктерімен қамтамасыз ету ісін әлі де жалғастырамыз. Мұндай көліктермен алдағы уақытта барлық аудандарды толық қамтамасыз ететін боламыз. Бұл мүмкіндік – тұрғындардың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технология-

лардың дамуына алғашқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту бағытына өз септігін тигізеді деген сенімдеміз», - деді Өмірзақ Шөкеев.

Келесі жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен қосымша 60 санитарлық автокөлікпен жабдықтау жоспарланып отыр. Қазіргі таңда, Кентау, Жетісай, Мақтаарал, Сайрам ауданы мен Түркістан қаласында жалпы 8 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілуде. Одан бөлек, шалғай елді мекендерде 19 модульдік медициналық бекеті ашылмақ. Халықтың саулығы үшін облысымыздағы медициналық ұйымдардың материалды – техникалық базасы да заманауи құрал-жабдықтармен қамтылып келеді.

Осы тұста айтып өтейік, бұл аптада Түркістан облысында тұңғыш рет ағзадағы жарыққа лапароскопиялық тәсілмен ота жасалды. Енді облыстық клиника дәрігерлері грыжаның кез келген түрін жабық отамен алып тастай алады. Елімізде 50 жастан асқан азаматтардың басым көпшілігі жарық ауруынан зардап шегеді. Ал, жасалып жатқан отаның 35-40 пайызы ағзадағы әр түрлі грыжаға жасалады.

«Development Day» ЖОБАСЫ ТҮРКІСТАНДА БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ведомствого қарасты ұйымдар жұмыскерлерінің кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттерін дамыту мақсатында а.ж. 20 тамызда министр А.К. Жұмағалиевтың және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясының ректоры А.А.Ахметовтың қатысуымен «Development Day» жобасы басталды, деп хабарлайды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Түркістан облысы филиалының баспасөз қызметі.


Бұл іс-шараның алғашқы тренингі Академия expertті Айнуір Идирисованың жүргізуімен «Эмоционалды интеллект» тақырыбында өтті. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының HR-менеджерлері бастамасымен өткен жиынға филиал басшысы, орынбасарлары және басқарма басшылары қатысты. Қатысушылар өмірдің эмоционалды тарапына байланысты дағдылар тобы

(мысалы, жеке эмоцияны тану және оларды басқару мүмкіндігі, басқа адамдардың эмоциясына ықпал ету және өзін ынталандыру) дағдыларын үйренді. Олардың барлығы қысқа мерзімді курстан өтіп, одан әрі өз саласына қарасты қызметкерлерін оқытады деп жоспарлануда.

«Өтіліп отырған курстар корпорация қызметкерлерінің келген қызмет алушымен арасындағы қарым-қатынасты реттеуден рөлі маңызды. Себебі, қызмет алушының келгендегі эмоциясының жайын түсініп, жақсы жағынан ой қалыптастыруына тиімді жұмыстар жасауына ықпал етеді. Осындай іс-шараларды көбірек өткізуде әр қайсымыз өз үлесімізді қосқанымыз дұрыс», - деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» KE АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының жылжымайтын мүлікке құқық-тарды және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының басшысы Нұран Марат.

Айта кету керек, семинар оқыту курстары жыл соңына дейін өткізіліп, корпорацияның 1200 ге жуық қызметкерін қамту көзделуде.

Бетті дайындаған: Ұ. Наушабаева.



Аты, тегі, әкесінің атының ауысқаны туралы анықтаманы қалай онлайн алуға болады? Егер сіз тегіңізді не есіміңізді өзгерткен болсаңыз, бұл туралы анықтаманы онлайн түрде e.gov.kz порталы арқылы алып көріңіз. Қызметті онлайн алу үшін:

1. Порталда авторланып, «Қызметті онлайн алу» батырмасына өтіңіз;
2. Өтінімді толтырып, ЭЦҚ-мен қол қойыңыз немесе смс-құпиясөзді пайдаланыңыз;
3. Қажетті төлемді жүргізіңіз;
4. Өңделген анықтаманы жеке кабинетіңізде «Қызметтерді алу тарихы» тарауынан таба аласыз;

Ескерту! Онлайн-қызметті 2008 жылғы 14 сәуірден бастап тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы жазба актісі жазылған азаматтар ғана ала алады. #oqytoqy

Мұндағы кісілердің бөрі: “мен алпыс, жетпіске келдім” деп соғады, мақтанып айтады. 60-тан, 70-тен, 80-нен қорықпандар, қазақтың мақалы бар: “Еркектің жасы - екі елу” деген. Соған бару керек. Сонда бөрі дұрыс болады! Онан кейінгі айтарым, өздеріңе белгілі, мен көптен бері елдеріңе келе алмадым. Сендер басқа республика болдыңдар, енді бөріміз араласып кеттік, оны ала-лап айтып жататын ештеңе жоқ, ал енді өздерің айтасындар, “елу жылда - ел жаңа” деп. Ел жаңарып кетті, осы күнде бұрынғының бөрі кетті. Ел іші былықшылық заманға келіп соғылып қалды. Бірақ, бұл өзі жылдам бітетін мәселе, бұл көпке созылмайды. Енді көп созылмайды, тек қана, екі республика - Қазақстан мен Өзбекстан бөрінен жылдам шығады, басқаларына мен енді онша сәуегейлік, айтпаймын, кірісе алмаймын. Тілім келмейді не айтуына! Бұл екі республиканың өндірістері мол, ауыл шаруашылығы мықты, осы мәселелерді шешетін мықты басшы жігіттер, мықты маман кісілері бар.

Бұдан біз жылдам арықарай шығып кетеміз, оған ешқандай қорқыныш жоқ. Сол себепті, бөріміз белді байлап, жақсы қызмет істеуіміз керек, онсыз болмайды.

Дегенмен, енді бүгін бір сағат, екі сағаттың ішінде бар жағдайдың бөріні біліп қойдым, танып қойдым дегенді айтуда шамам келмейді. Бірақ, бүгін міне, ауданмен жүргізген Бегім інімнің еңбек мысалын көріп отырмыз, үлкен жұмыстар істепсің, інішек. Ал мұндай жерде, әлгі қазақша айтпақшы, айдалада қалған жерде қала салу деген оңай болмайды, біздің бөріміздің басымыздан өткен, осы 3-4 жылдың арасында қандай абыройлы жұмыстар өлкеден орын алған. Көне кездегі, ежелгі Мырзашөл дегеннің атын өздерің білесіңдер ғой, қайдан шыққан шөл екенін. Соның атын, затын өзгертіп, жаңартып, міне сендер қайтадан қала салып, елдің тұрмысын өзгертіп, үкіметке қатынас хаттар жазып, ауқымды жұмыстар жүргізгенсіңдер. Сондықтан, мен өз жағымнан, сендердің атқарған жұмыстарыңа үлкен рахмет айтамын, ағайындар! Онсыз болмайды! Ал енді біздің қорытынды өңгіме, біз осы жерден жүріп бара жатырмыз. Неге келгенімді басында айттым, сендерге мәлім.

Өзбек тілінде Инабат сөйледі:

-Жаңа айтылып өтті ғой. Бірнеше мәрте съездерде отырғанымда, Олий Советке депутат болғанымда, рахматли Шараф Рашидовичпен бірге келетін, жанында жүретін, отыратын жүдө хәм көп адамдар бар еді. Бірақ солардың ішінде бір мехнаткеш-еңбеккер адамдардың отырғанын көріп, ұзақтан болса - қолын көкірегіне қойып, ілтипат білдіретін, жақындап жағдай сұрасып, біздің жанымызға келіп, сұрақ қояр еді, пынайы сәлемдесетін. Біз үшін бір шексіз, түгесілмес бақыт болып есептелетін еді. Шараф аканың сол мінезінен күш алып, біздің қайратымызға қайрат қосылар еді. Мен жүдө хәм яхши тушунаман, бу кишиларни Шараф акамен дос, аға-інідей. Бұл кісінің атын, еңбегін Ш.Рашидов әрбір сөзінде, мәжілісте сөйлегенде айтатын. Дінмұхамед аканы бірер мәрте емес, бес-алты мәрте, айтпай өтпейтін.

Бүгін міне соның, ыспатын-дәлелін көріп отырсыздар.

Мен бұл кісіге ұзақ жас тілеймін және дәйім осындай болып жүре берсін. Бұл кісілердің еңбегін, енді мен ойлаймын, бір де адам қыла алмайды. Халқымыз, мемлекетіміз, бүкіл еңбекшілер тарапынан болған ізет-құрметке, мен ойлаймын, кешірерсіздер, ешбір адам, пенде дәл бұлардай еге бола алмайды деп ойлаймын. Бұлардың қам-қорлықтары, бұл кісілердің еткен еңбектері мен мемлекетке деген, Отанға деген өнегелі қарым-қатынастары үнемі мәңгі жадымызда, бүкіл еңбекшілеріміздің, осы жерге қатыса алмаған адамдардың да жүрегінде хамиша-мәңгілік қалған! Мен және бір рет Сізге, осы шөлқарлар атынан алғыс сезімін ырзашылықпен білдіремін. Менің шөлге келгеніме, Дінмұхамед ака, 33 жыл болып барады, 19 жасымда келгенмін. Осы шөлде еңбек етіп, тер төккен көп-көп азаматтар, осы жерде отырған асыл адамдар маған ата болған, аға болған. Еңбек жолымда үнемі қарасып, жәрдемдесіп тұрған және де бір рет мынаны тілеймін: Рахмат, Димаш ака, дүниедегі ең керегі саулық тілеймін, саламаттық тілеймін. Өміріңіз ұзақ болсын, рахмат және де еткен еңбегіңіздің рахатын көріп, жылдар бойы шаршамай жүріңіз.

Үнемі бақыттыға серік болып жүріңіз. Рахмат. Сізбен бірге келген достарыңызға да сау-саламаттылық тілеймін, рахмат. Осында отырған барлық азаматтарға бақыт тілеймін, осы кісілердің жолын барлығыңызға берсін.

-Енді бір домбырамен орындалатын жақсы ән тыңдасақ, - деген ұсыныспен асаба ән орындатты.

-Павлодар облысы Әкімінің орынбасары ініміз Кошевой қатынасып отыр. Ендігі сөз Сізге.

-Рахмет.

-Дінмұхамед Ахметович, мы рады Вас видет здесь, когда Зауытбек нам сказал, что вы находитесь здесь, мы сошли своим долгом, встретиться с вами, увидеть еще раз. Вы правы. Мы встелились с Вами 1986 году, последний раз, когда Вы были в нашей области. Мы с Вами беседовали о хлебе, накануне уборки нового урожая. И тот год мы действительно сдали большой хлеб. Сегодня на земле дружественного Узбекистана большой праздник - юбилей Ш.Рашидова, которого мы все уважаем, чтим, мы побывали на святыне Узбекистана - в Самарканде на днях. Мавзолеях, побывали в медресе, поклонились этим святым местам. И мы очень рады, гостепримству и казахского, и узбекского народа, особенно на этом милом краю. Народ здесь очень гостеприимный, и хотелось бы поднять тост за юбилей Шарафа

МЫРЗАШӨЛДЕГІ Кездесулер

(Қонаев пен Рашидов) деректі хикаяттар

Рашидовича. Уважаемого человека! За вас, Димаш Ахметович, пожелать вам доброго здоровья, долгих лет жизни. Мы все Вас любим, уважаем.

-Спасибо!

-Рұқсат болса, ата-мұра, домбыраға тағы кезек берейік.

-Ақбала күйлерінен, Шағдаржан!

-Менің орындайтын күйім 1932 жылы шығарылған. Ақбала деген күйші өткен, менің нағашым, құмның елінен, тобықты, соның өздеріңіз білетін 1932 жылғы көп айтылып жатқан аштық туралы өңгімеге арнап шығарылған күйі. “А, қиын” – деген күй. Екінші орындайтыным Димеке, Сіздің келген салтанатыңызда бүкіл өзбек халқы, қазақ халқы қуанып жатырмыз ғой. Созақ ауданында Төлеген Момбеков деген күйші бар. Өзіміздің туысқанымыз, соның қызына шығарған “Салтанат” деген күйі. Қызды айтса, үлкен қариялар да елең ете қалады ғой. Сөйтіп, екі күй тартып берейін.

Күй орындалып болған соң, суырып салма ақын Бөрібайды тыңдауға ықылас ауды.

-Ақарыс, Бекарыстың, Жанарыстың, Ассалаумағалейкум, ұрпақтары!, - деп сәлемдесіп бастаған Бөрібай ақын өзілге бұрып:

-Мырзашөлде жүрген жай бір ақын ек, Атымды атап шақырыпсыз, рахмет!, - деп бір күлдіріп алды да:

-Бісіміллә! Атажан, ым қаққаны, Мырзашөлдің аспанын бір жыр қаптады. Ақарыс, Бекарыстың, Жанарыстың, Ассалаумағалейкум, ұрпақтары! Өлеңді лапылдатып жақын келдім, Бастарың қосылды ма асыл елім. Ассалаумағалейкум, аталарың, Қымбаттап кеткен кебіс-мәсілерің. Атажан, айтайын ба бір шынымды-ай, Қара балаң қуанып бір құлшында-ай. Бақыттан басым менің айналып тұр, Өжемнің қолындағы ұршығындай. Айт десе баса берем, жырды асырып, Неге керек, Атажан-ай, құр бақырып. Қос Президент – Назарбаев, Кәрімовтың, Татулығы болсын да бір ғасырлық. Басымнан қызыл сөзді асырмай бір, Ойымды айтайыншы жасырмай бір. Мырзашөлде бір-екі ақын бармыз біздер, Өжемнің қалған қара шашындай бір. Алдыңызда бір бұлақпын шашылмаған, Көп ақыннан бұл балаңыз басым адам. Өз тілегім: 100 жасаңыз, жүз жасаңыз, Құрметті Алматылық, асыл Адам! Мен-дағы ақындықтың жолын алдым,

Шапаны жоқ қолбала ақын болып алдым. Өзіңізбен сәлемдескен оң қолыммен, Өкемнің барып мен бір қолын алдым. Жақсылықты ойыма түйіп алдым, Бұл ғаламның сырларын бір жиып алдым. Бетіңізден сүйген бұл гүл ерніммен, Шешемнің де бетінен сүйіп алдым. Алдыңызда сайрап тұр қара бала, Болашақ болады да дана бала. Кездескені - қара бала деп қоймайды ғой, Ағарып кетемін-ау, бара-бара. Мырзашөлде жүрген жай бір ақын ек, Атажанды көргенде бір гүл атып ек. Атымды атап ортаңызға шақырыпсыз, Отырған бөріңізге рахмет. Мұндайда жарқылдай ма жастар жағы, Осы да үлкен тойдың басталғаны. Арыстаны сен болсаң қазағымның, Күтіп алды қасқалдақ дастарханы! Күнбе-күн отырысты қыздырамын, Құлағын домбыраның жүз бұрадым. Ал енді ақындарың демалады, Алынсыншы, сол үшін жүз грамның. Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің орынбасары Зауытбек Қауысбекұлы сөз алды: -Құрметті жақсылар! Меніңше, ең басты бақытымыз бағана Төкең бастаған үлкен кісілер айтып кетті ғой. Үлкен қазақтың ұлы перзенті, бүкіл мұсылмандардың ағасы Дінмұхамед Ахметұлымен бірге дастархандас болып, қасында жүрміз. Біз бүгін Дінмұ-

хамед Ахметұлы, Сіздің арқаңызда тарихқа кіріп отырмыз.

Менің бір толықтырып айтатыным бар еді: алдыңғы күні осы Шараф Рашидовтың 75 жылдығын тойлап жатқанда, Димекең екі жерде үлкен, ұлы өңгіме айтты. Сонау мынау - Жызақтағы салтанат сарайында Өзбекстанның шертілген азаматтары жиналған жерде, 600-дей адам болды ғой, сол жерде...

-Болды, болды!

-Сол Рашидовтың кезінде хатшы болған, министр болған азаматтар жиналды ғой. Сондай-ақ, осы қазіргі Президенттің кезіндегі елді басқарып отырған азаматтар да отырды. Ол жерде жай шаруа адамдар болған жоқ. Сонда Димекеңе сөз бергенде елдің бөрі қарғып тұрды ғой. Қарғып тұрып, бұл кісіге сөз бермей, бірнеше минут қол шапалақтап, бірнеше мәрте осы кісіге құрмет көрсетті. Баяғы заман болса, мысалы, бұл түсінікті - қошмет дер едік, бұл жолы, меніңше, осы ел, осы халық өзіміздің туыстарымыз, мынау өзбек халқы, біздің Дінмұхамед Ахметұлын үлкен құрметпен, үлкен сыймен қарсы алды. Соны көрген өзім - менің бір өзім емес, сол жерде отырған барлық азаматтар, қатты бір толқынып, қатты бір қуандық. Дінмұхамед Ахметұлы қысқаша бес минутта, тура бұрынғыдай баяғы күйге салып алып, өзіңіз айтатындай, сүйегіңіз қатпаған кезіңіздегі жағдайға салынып, бір керемет жақсы сөз айттыңыз.

Содан соң кешке Президенттің қонақасы болды. Президент сол жерде қайтадан сөз бергенде Дінмұхамед Ахметұлы қысқаша бір керемет сөзді айтқанда, сол жердегі азаматтардың бөрі...

-Қайтадан орнынан тұрды, - деді Бегім Серіков шыдай алмай.

-Қайтадан орнынан қарғып тұрды! Дінмұхамед Ахметұлы, өшейін тұрған жоқ, қарғып тұрды, алдындағы шарабын алып тастады.

-Президент барып соғыстырды! – деп қоштады Бегім Серіков.

-Ә, ия, Президент барып соғыстырды. Содан соң тағы да Ислам Каримов елдің көзінше, жұрттың көзінше, сол жерде қанша құшақтасып, қанша сүйісіп, Сізден, Дінмұхамед Ахметұлы, бір дем-қуат алды! Мен сөйтіп ойлаймын.

-Дұрыс, - деді Төкең, Төлепбек Назарбеков ақсақал.

-Бағана айтылып қалды. Ертең Президент “Сізді таңертең қабылдайын” деп

отыр. Ол да меніңше, бір үлкен саяси, аса маңызды нәрсе. Бұл, керек болатын болса, тек бұл өңірге емес, қазіргі жалпы әлемге жайылатын нәрсе. Мінеки, Дінмұхамед Ахметұлы, өзіңіздің қазіргі саясатқа “өзім енді қосылмаймын” деп айтқан бір жағдайыңыз бар еді. Бірақ та, саясатсыз жүре алмайсыз. Өйткені, Сіз осы өзбек-қазақ, жалпы ісі мұсылман халқының үлкен асқар тауысыз, Дінмұхамед Ахметұлы!

-Рахмет, - деді Бекежан Тоқсанбаев риза болып. Димекең үндемей отыр.

-Сол үшін Сіз аман болсаңыз. Сіз алдымызда жүрсеңіз Дінмұхамед Ахметұлы, біздің халқымыз, осы қазақ-өзбек, ісі мұсылман халықтарының бөрі бірігеді, ынтымақта болады. Сол үшін осы тостты Сіздің денсаулығыңыз үшін көтергім келіп тұр. Осы қазақ-өзбек халықтары үшін көтергім кеп тұр! Төкеңнің де денсаулығы үшін де алып қояйық! Аман болыңыз! Мінеки!

-Айтқаның келсін!

-Рахмет!

-Сөз болды, жақсы бір. Рахмет!, - деді тағы да Бекежан Тоқсанбаев. Димекеңмен, Төлепбекпен үрімке соғыстырғанын себеп қылып, өзілге бұрып:

-Оңтүстік Қазақстан ақсақалы Төке, Сізді енді көзіңізге мақтамаймын, кеше айттық, - деді.

-Рахмет.

-Төке, Сізден кейінгі ақсақал мен болдым ғой. Ағайын, енді, жұмыстарың түсетін болса, мен ақсақалдық қыламын, күлкі үшін айтқанда. -Е, бопты сен болсаң, - деп күлді Ілияс қажы. -Бұрыннан таныс, біліс болған соң, нағашы-жиен өзілдесуде. Үш жүздің ақсақалысың. Мынау тұрған Бекет атаның да ақсақалысың! - деді көтермелеп Ілекең. -Сайлады ғой, сайлағасын болды ғой! - деп

жатыр жұрт.

Дастархан иесі Бегім Серікұлының құдасы Бөрида да ақ тілегін ақтарды:

-Димеке! Жолыңыз, пейіліңіз бөрі ашық екен. Досыңызға, оның әруағына құрмет, қызмет етіп келдіңіз. Рахмет, мың мәртебе! Сол сіздің жолыңызды бөрімізге берсін! Еліміз аман болсын, тыныштық болсын, ынтымақ болсын, Дінмұхамед Ахметұлы! Момын мұсылман халқы ауызбіршілікте жасап, жұмысымыз алға жүре берсін, балашаға аман болсын деп тілек білдіремін. Міне, Құдай қосқан құдамыздың үйінде отырмыз. Бұл үйге тілейтін тілегіміз - жаңағы ең жақсы деген өзіме қандай тілек тілесем, бөріңізге қандай тілек тілесем, бұл үйге де сол тілекті тілеймін.

-Депутаттар қалай алады екен, көрейік, - деп өзілдеп қалды біреу.

Бегім Серіков таныстырды.

-Көп жылдар жаңағы Шымқорған тұрған Фарыш ауданын басқарған, Қызылқұм ауданынан, шаруадан, құмнан, шопаннан шыққан бірінші хатшы. Бірнеше жыл депутат, Орталық Комитеттің мүшесі, қазір көрнекті зейнеткер. Әлі де сол “Қызылқұм” кеңшарын басқаратын, өз табаныңыз тиген Ұзынқұдықта жасайтын біздің еліміздегі ең көрнекті бір ағамыз Сөке, Сәрсенбай....

-Ой, рахмет! – деді Қонаев.

-Баяғы 1961 жылы сізді бір рет қарсы алған, - деп Саттар Шахабаев сөз қосты. -Сізді екінші рет те күтіп алған!

Төкең, Төлепбек килігіп кетті:

-Димеке, Құдай-Тағала әр адамға жеке-жеке абырой береді, мынау дүниеде. Советтер Союзында бірінші секретарлықтан кетіп оралған жалғыз сізсіз. Айталық, басыңызға бақ оралып, одан кейін жиырма бес жыл басқардыңыз. Украинадан-Щербицкий. Ал енді бұл ініңіз Щербицкийден де, сізден де өтіп кеткен адам.

-Үш рет хатшылыққа оралған адам! - деді Бекежан Тоқсанбаев. Отырғандар ду күлді. Димаш аға рахаттана күлді.

(Жалғасы бар)

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,

Әбдіғашпар СЕРІКБАЕВ,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.



Екінші Президентіміз Қасым -Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың алғашқы, “Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі” атты Жолдауы реформалық қағидаларды жандандыру тұрғысынан емес, осы жылдары, бүгінгі таңда бастау алған жаңашылдық идеяларды жүзеге асыру тегіктерін жақсартуға бағытталған. Жолдауда қазіргі таңда өте өзекті мәселелер тіл, дін тағдыры, жеріміздің шет елдіктерге сатылмайтындығы, білім, мәдениет саласында және халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі, сонымен қатар митинг өткізуге рұқсат берілуі халық көкейінде жүрген мәселелер деп білемін. Сонымен қатар Қазақстан халқына қызмет ететін, оның әлемдік мемлекеттер арасында бәсекеге қабілетін күшейтетін тарихи маңызы бар құжат деп бағалаймыз. Себебі, Президенттің Үкіметке жүктеген әрбір тапсырмасы ел үшін тағдырлық маңызы бар, даму-дың тынысын ашатын сала-ларды қамтиды. Жолдауда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету қажеттігі айтылды. Мен бұған толық

Жолдау – ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ САРА ЖОЛЫ

қосыламын. Өйткені, осы сала дамыса ғана еліміздің қуаты артып, халықтың тұрмыс тіршілігі нығая түседі.

- “Шағын, әсіресе, микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар, салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады. Сондай-ақ, жаппай кәсіпкерлікті дамыту санаға сіңген патерналистік пияғы мен масылдықтан арылуға мүмкіндік береді. Сондықтан, мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Бірақ сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен байланысы бар шаруашылықтар ғана көріп отыр. Шын мәнісінде, жаңа жобалар бойынша

компаниялар құрылып, жұмыс орындары ашылуы керек еді. Бұл «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты. Бірақ, жергілікті әкімдер ұйымдастыру жұмыстарын талапқа сай орындамаған. Соның салдарынан салық және зейнетақы төлемдерін арттырып, жергілікті бюджетті нығайтуға жағдай жасалып отырған жоқ. Осыған орай, Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалуды қатаң бақылауға алуды тапсырамын. Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті.

Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек. Үкіметке микро және ша-



ғын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салынатын салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірледі тапсырамын” деп Президент шағын бизнестің дамуына жағдай жасады Ең негізгісі, халықтың әл-ауқатын жақсарту әр адамның жеке басының құлшына еңбек атқарғанында, әр іске жауапкершілікпен қарауында ғана қол жеткізетін құндылық екенін айтты. Сонымен қатар, еліміздің экономикалық әлеуетті жаңаша дамыту қажет

екенін Президент ерекше атап өтті.

Мемлекет басшысы қазіргі таңда қоғам дертіне айналған - сыбайлас жемқорлықты жою мәселесіне де Жолдауында тоқтала кетті. Қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу - бүгінгі күннің басты талабы. Жемқорлықпен жұмыла күресіп, ел дамуының өсіп-өркендеуіне атсалысайық. Жемқорлықсыз қоғамда ғана ісіміз алға жүреді.

Жолдауда айтылған барлық басымдықтар өте өзекті мәселелер. Осы тапсырмалар мен міндеттерді баршамыз бірігіп жұмыла орындауға шақырамын! Сонда ғана тұғырлы төуелсіздігіміз нығайып, “Мәңгілік ел” іргесі берік болмақ. Әрқашан Мемлекет басшымыз аман, жұртымыз тыныш, баянды бірлігіміз арта берсін! Жолдауда айтылған барлық мәселелер оң нәтижесін беріп, Қазақстанымыз биік белестерден көріне берсін!

Абзал САХАЕВ,
Жетісай аудандық
Қазынашылық
басқармасының басшысы.

ТҮНГІ СОТ ЖҰМЫСТАН ТЫС УАҚЫТТА ӨТЕДІ

Біз бүгін түнгі соттың тиімділігіне тоқталсақ дейміз. Жасыратыны жоқ, күн талабына орай, көлік саны күн өткен сайын артып келеді. Бұл бір жағынан жол-көлік апатының орын алуына әкеліп соғуда.

тағайындалады. Осы аралық екі аптаға дейін созылады... Бұдан кейін іс материалдары сотқа өтеді. 2 аптаға жуық уақытта шығын көлемі қайта қалпына келтіру жұмыстары жүреді. Жүргізушілер сақтандыру компаниясына баратын. Қарап отырсақ, арада зу етіп, 1 жарым айдан аса уақыт өтетін еді...

Бүгінде жол-көлік оқиғасына қатысты істер түнгі сотта жұмыстан кейін кешкі 18.30-дан 22.00-ге дейін қаралады. Жол-көлік оқиғасында шешім шығару ісінің қысқартылғаны жүргізушілерге әжептәуір жеңілдік туғызды.

Мәселен, жол апатының бірінші күнінде жол-көлік оқиға орнына шығу инспекторлары толтырылған іс материалдарын мұқият қарап шығып, жинап болған соң, сотқа жібереді. 3-ші күні іс қаралады, қалпына келтіру шешімі шығарылады. Арада 10 күн өткенде заңды күшіне енген соң, жүргізуші сақтандыру компаниясына барады. Қарап отырсаңыз, 1 жарым ай емес, санаулы уақытта іс шешімін табады.

Ең бастысы- Істің жұмыс уақытынан тыс сот үдерісінде қаралуы үшін мына төмендегі шарттар сақталуы тиіс. Ол қандай шарт? Біріншіден – жүргізуші өз кінәсін толық мойындауы, келтірілген шығынды өтеуі, дау-дамай туғызбай, істің жұмыс уақытынан тыс кезде қаралуына келісуі керек.

Мұндай істер бұрын екі айға созылған болса, қазір екі тараптың іс материалын жұмыстан тыс уақытта қараудың нәтижесінде он үш күннің ішінде шешім шығарылады.

Яғни, бұл уақыт үнемдеу үшін өте тиімді. Жұмыстың оңтайлы ұйымдастырылуына ықпал ету үшін, жол-көлік оқиға орнына шығу инспекторлары жол-көлік оқиғасы орын алған жерде жүргізушілерге істі түнгі сотқа жіберудің тиімділігі, ережелері туралы түсіндіріп отырады.

Иә, түнгі соттың тиімділігі де-осында.

Серік НИЯЗБЕК,

Шымкент қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы.

Қазақ елі-даласының дархандығымен, ата-бабаларымыздың көш бастаған даналығымен ерекшеленеді. Даналықты, ақыл-парасаттылықты, пайымдылықты, жомарттықты серік еткен көшпенді қазақ жерінде ел арасында кездесетін кез-келген дау-дамайды ақылға салып, көрегендікпен, бұрмаламай, тіпті кейбір жағдайларда дүйім жұрттың алдында шешу үрдісі қалыптасқан.

Біз өмірден өткен қазақтың небір жайсаңдарының ұрпақтарымыз! Сондықтан, ата-баба салған даңғыл жол-бізге жарық шам іспетті. Қазақстанда 2011 жылдың 28 қаңтарында дауларды шешу бағытында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік

МЕДИАЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды.

Медиацияның басты мақсаты- неке бұзу, алимент өндіру, мүлікті бөлу, жеке тұлғалардың араларында қарыз ақша өндіру, мүліктік даулар, т.б. талап -арыздармен сотқа жеткізбей шешу.

Бүгінде медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, жүргізу қағидаттары мен рәсімін қалыптастыруда медиаторлардың ролі артты. Өйткені, медиация – медиаторлардың екі жақты татуластыру рәсімі. Дау-дамайды сотқа жеткізбей шешу бағытындағы медиацияның тиімділігі де осында.

Айнұр ОСПАНОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы.

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Байланыс және ақпарат қызметкерлері арасында «Үздік номинациялар - 2019» байқауына БАҚ өкілдері Шымкент қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты позитивті материалдарын 2019 жылдың 07 желтоқсан, сағат 17.00-ге дейін тапсыруы керек. «Рухани жаңғырудағы БАҚ-тың маңызы» шығармашылық байқауына 2019 жылдың 04 қазанынан - 07 желтоқсанға дейінгі электронды және баспа БАҚ-та жарияланған немесе көрсетілген шығармашылық жұмыстар қабылданады. Ұсы-

нылған жұмыстар «Рухани жаңғыру» мемлекеттік Бағдарламасының: 1) «Бәсекелік қабілет», 2) «Прагматизм», 3) «Ұлттық бірегейлікті сақтау», 4) «Білімнің салтанат құруы», 5) «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы», 6) «Санаттар ашықтығы» бағыттарына сәйкес Шымкент қаласы бойынша материалдар қабылданады. Әрбір қатысушы немесе ұжым аталған алты бағыттың әрқайсысына тек бір ғана жұмысын ұсынуға мүмкіндік алады. Шымкент қаласы мен Түркістан облысы БАҚ



өкілдері арасында өтетін дәстүрлі Спартакиада шағын футболдан және волейболдан өтеді. Спартакиадаға Шымкент қаласы мен Түркістан облысында тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары мен баспа мекемелері қатыса алады. Өтініш беруші ұжымдарға шектеу қойылмайды. Қызметкерлері көп мекемелер бірнеше командаға бөлініп қатысуына болады.

АЙҒАҚ
MEDIA
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан НАУШАБАЕВА - Бас редактор
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ғ. Ляев көшесі, 29.
E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Қарлығаш ЖАҚЫПОВА - Жарнама
Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі

А Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,
Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,
Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25
Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 778 452 53 53

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөу, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу
индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ғ. Ляев көшесі, 29.

Талсырыс: №178
Таралымы: 7000

Номердің кезекші редакторы - Ақерке Исманова

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

*** «АКНМАД - Electronics» ЖШС атына берілген 2014 жылы шыққан зауыт №000001299480, Меркурий 115 Ф КЗ маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «АКНМАД - Electronics» ЖШС атына берілген 2011 жылы шыққан зауыт №01205124, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Егембаева Н.Т. атына берілген 2012 жылы шыққан зауыт №01232568, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Амагел Ритэйл» ЖШС

Жарамсыз деп танылсын

атына берілген 2013 жылы шыққан зауыт №000001288973, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Аксу Спец - Строй» ЖШС атына берілген 2009 жылы шыққан зауыт №00818623, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Канаев Санжар Жанполат атына берілген Шетелдіктің уақытша тұру ықтиярхатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Оңал Ұлмекен Бақытқызы атына Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінен берілген сту-

денттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Мир-Строй и Компания» ЖШС. БИН 091240003496 атына берілген мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Жайна» Ломбард ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №00712258, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының нақты ақша есебінің кітабы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Абдрашов Абрахман Абдрашұлы атына ІІБ берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Открылось наследство

*** Умерла Батыршаева Шарипа. Дата смерти: 14.01.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, дом 46. Тел.: 20-01-51, 8 775-833-03-04.

*** Умерла Федорова Елена Степановна. Дата смерти: 01.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досимбеков С.А. г. Шымкент, пр. Бейбитшилик, 24 А-35. Тел.: 35-43-85, 8 775-267-95-25.

*** Умер Шиназбеков Кенескан. Дата смерти: 13.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, ул. Г. Ильяева, 23-3. Тел.: 8 701-721-43-85.

*** Умер Бурлибаев Юсупбек Камбербекович. Дата смерти: 01.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, пр. Республики, 23/24. Тел.: 8 701-550-09-89.

*** Умер Құралбай Мүсіркеп. Дата смерти: 23.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели Кожа 1 Г, ЦОН. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умер Алипбеков Омархан Сарсенханович. Дата смерти: 03.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Беисенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова (Нариманова), дом 3. Тел.: 8(7252) 402-673, 8 777-094-27-44.

*** Умер Онласбеков Журсинбек Каденович. Дата смерти: 02.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Даулетбай Б.Б. г. Шымкент, ул. Елшибек батыр, 112/22. Тел.: 8 775-315-89-98.

*** Умер Байбосынов Муратбек Кенесович. Дата смерти: 12.06.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г. Шымкент, ул. Г. Ильяева, 17-а. Тел.: 8 701-716-27-81.

*** Умерла Мырзалиева Несибели. Дата смерти: 11.03.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Мадели Кожа 1 Г, ЦОН. 1-этаж. Тел.: 8 701-741-27-45.

*** Умерла Сихимбекова Толеугул. Дата смерти: 19.12.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кыдырова Л.К. г. Шымкент, трасса Темирлановская б/н. Тел.: 8 701-482-99-54

*** Умерла Жумакулова Турды Аширбаевна. Дата смерти: 04.03.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нота-

риусу Сеиткалиева А.У. г. Шымкент, ул. Мангальдина, дом 36, кв.3. Тел.: 8 771-569-55-70.

*** Умер Нышанов Алимбай. Дата смерти: 29.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент, ул. Мадели Кожа 1 Г, ЦОН. Тел.: 8 705-682-20-75.

*** Умерла Макашева Гульнар Кабыловна. Дата смерти: 12.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, ул. Г. Ильяева, 23-3. Тел.: 8 701-721-43-85.

*** Умерла Турсынбаева Умитай Тагаевна. Дата смерти: 13.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жандарбекова Н.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати (бывший Карла Маркса), №205-3. Тел.: 8 705-410-09-24.

*** Умер Касимов Миркамил Ельчибаевич. Дата смерти: 19.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Оспанова А.Ж. г. Шымкент, пр. Республики, 21-34. Тел.: 8 707-616-49-34.

*** Умер Хохлов Сергей Сергеевич. Дата смерти: 24.02.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, дом 46. Тел.: 20-01-51, 8 775-833-03-04

*** Умерла Корнякова Ольга Юрьевна. Дата смерти: 31.07.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсебаев Р.Р. г. Шымкент, ул. Мадели Кожа 1 Г, ЦОН, 2-этаж, 217 каб. Тел.: 8 701-751-80-77, 8 771-153-83-92.

*** Умерла Апостолова Лилия Адиковна. Дата смерти: 19.08.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, ул. Г. Ильяева, 23-3. Тел.: 8 701-721-43-85.

*** Умер Щедрин Вячеслав Анатольевич. Дата смерти: 01.05.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абдухаликова Н.А. г. Шымкент, ул. Байтурсынова, 46. Тел.: 8 702-320-70-00, 8 777-320-70-00

*** Умер Тастамбеков Сергей Эркинович. Дата смерти: 03.04.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент, мкр. Восток, дом 46. Тел.: 20-01-51, 8 775-833-03-04.

*** Умер Ким Владимир Иванович. Дата смерти: 30.09.2019 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кальменова О.М. г. Шымкент, 16 мкр. ул. Шаяхметова, дом № 41, кв 7. В здании магазина «Олжа»



ПЕЙІЛІ КЕН, ЖАНЫ ЖОМАРТ, ЖАЙСАҢ ЕДІ...

Сапақ Елемесұлы...Асыл азамат ортамызда жүргенде, кең дастархан жайылып, 58 жасқа толған туған күнін дүркіретіп өткізіп жатқан болар едік...Амал қанша... Ол ортамызда жоқ. Сұм ажал жұлып алып кетті! Алланың дегені болады, қарсы келер дәрмен жоқ бізде...

Сапақ Дүйсенов шаттығы шалқыған, бақ қонған әулеттің берекесі, отбасының тірегі, таудан ескен қоңыр самал еді-ау!

Сапақ Елемесұлы 1961 жылы 10 қазанда өмірге келіп, бар ғұмырын ата-анасы, отбасы, бала-шағасына, халқына арнаған өте мейірімді, кішіпейіл, бауырмал жан болды. Қарағанды қаласындағы кооператив институтта білім алып, 1983 жылы жолдамамен тоғыз жолдың торабы Арыс қаласында еңбек жолын бастады. Қалалық тұтынушылар одағында экономист, төрағаның орынбасары, төраға, директор қызметтерін атқарып, халықпен етене араласып еңбек етті.

1995 жылы Алматы қаласының сауда орталығында экономист болып істеп жүріп, жинақтаған мол тәжірибесінің нәтижесінде «Таза су » фирмасын ашып, еңбегімен танылса, 2007 жылдан өмірінің соңғы уақыттарына дейін үзіліссіз сауда министрлігінде аудит қызметінде істеді.

Сапақ Елемесұлы ата-анасын құрметтеп, үнемі қолынан келген жақсылығын аямаған азамат болатын. Өзін мәпелеп өсірген аяулы жандардың киелі мекен Түркістан, Самарқанд қалаларына зиярат жасауларына, Мекке-Мәдинеге қажылық сапармен барып, қайтуларына ықпал етті.

Үш ұлдың асқар таудай әкесі атанып қоймай, олардың сапалы білім, саналы тәрбие алуларына жағдай жасады. Бір қуанарлығы-үшеуі де Англияда оқып, білім алды. Ұлдары өзінің жолын қуып аудит қызметінде істеп жүр. Бақытжанның келіншегі Жанар халық судьясы, Еркебұлан мен Еркежан Нью-Йорк қаласында, Эрнар-Елордада сауда палатасында аудит қызметінде.

Бауырымыздың жақсы қасиеттерін айтып тауысу мүмкін емес. Ол адамгершілігі мол, жаны жайсаң, жақсы азамат еді. Сапақты ағайын-туысы, бауырлары, достары құрмет тұтып, үлгі ететін. Оның әрбір сөзі-алтын, жаны -жақұт еді. Ұрпақтары да өзіне ұқсап, елдің құрметтісі атанары анық. Өйткені, отбасындағы тәрбие-балалардың болашаққа салған даңғыл жолы десе де болады.

«Елі сүйген Елемесұлы Сапақ» атанған бауырымыздың жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмайды, рухына бағыштап, құран оқытып тұру парызымыз! Ұл-қыздары да әке салған сара жолмен жүріп, оның қашан да дара жолға айналуына ықпал етері даусыз.

Асқар таудай бауырымыз Сапақ Елемесұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болғай!

Еске алушылар: Мұсабековтар әулеті.

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58,8 702-243-45-54,
8 771-670-72-37



Определение

Аль Фарабийского районного судом города Шымкента возбуждено гражданское дело по заявлению Алдабергенова Елтая Ескендиновича, об объявлении гражданина Алдабергенова Едыла Ескендиновича, 05 декабря 1967 года рождения умершим. Данное Заявление подведено и подсудно Аль-Фарабиискому районному суду г. Шымкент.

Ірі сауда компаниясына консультант керек.

Тел.: 8 775-925-30-85

Ірі сауда мекемесіне; -Кеңсе менеджері -Диспетчер-оператор -Администратор -Басшының көмекшісі қажет

Тел.: 8 775-685-62-67

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері Сағындықова Ұлтай Ұелиханқызының ұлы **Русланның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

